

23.00 кейін үнемі магнитофон дауысын
бар күшіне қатты қоятын адамды көршілері
жауаптылыққа тарта ала ма?

Қандай
жауаптылық қарастырылған?

Бөлім тақырыбы:
Әкімшілік құқық

Сабақтың тақырыбы:
**Қандай жағдайларда әкімшілік
жауапкершілік туындайды?**

Оқу мақсаты:

9.6.2.1 әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері мен белгілерін анықтау;

9.6.2.2 құқықтық жағдаяттарды талдау арқылы әкімшілік жауапкершілік түрлерін және оларды қолдану тәртібін түсіндіру

Бағалау критерийлері:

- Әкімшілік жаза түрлерін анықтай алады.
- Әкімшілік құқық бұзушылыққа қандай жаза қолданылатынын түсінеді.
- Жағдаяттарға мысал келтіріп, сын тұрғысынан талдай алады.

Глоссар

Әкімшілік жауапкершілік-заңды жауапкершілік түрі. Мемлекеттік органдар, лауазымды тұлғалар мемлекет белгіленген заңдар мен ережелерді бұзғаны үшін азаматтарға, тиісті жағдайларда мекемелерге де мемлекет белгілеген әкімшілік шаралар қолдануынан көрініс табады.

Әкімшілік құқықбұзушылық- жекетұлғаның құқыққа қарсы ,кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті немесе әрекетсіздігі. Бұл үшін Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодексініде әкімшілік жауаптылық көзделген.

Түнгі уақыт- кешкі 23.00 мен таңғы 6.00 аралағындағы уақыт. Бұл кезде адамдардың тыныштығы мен демаласын бұзуға болмайды. Басқаша айтқанда, бұл- демалыс уақыты.

Әкімшілік құқықбұзушылық – кінәлі адамның әрекет немесе әрекетсіздігі түрінде көрінетін мінез-құлық актісі болып табылады.

Әкімшілік жауаптылық - әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға заңмен белгіленген жаза беру шаралары тәртібінен көрініс табатын заңды жауаптылық түрі.

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексі (ӘҚБ) әкімшілік жауаптылық мәселесін реттейтін негізгі құқықтық акт болып табылады.

Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің құқықбұзушылығы үшін жауапкершілік олардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне артылады.

Олар материалдық шығынды орнына келтіруге, өз балаларын заңды және басқалардың құқықтарын сыйлауға тәрбиелеуге міндетті.

Әкімшілік құқық бұзушылық белгілеріне :

Іс-әрекет (әрекет, әрекетсіздік)

Құқыққа қарсы келу

Айыптылық

Іс-әрекеттің жазаланатындығы

Әрекет-міндеттемелерді, заңды талаптарды белсенді түрде орындамау, белгіленген тыйымдарды бұзу.

Әрекетсіздік-заңды немес жекетұлғаға жүктелген міндетті пассивті түрде орындамау.

Құқыққа қарсы келу. Бұл іс-әрекет нәтижесінде әкімшілік құқықтық нормалары бұзылады. Ешқандай әрекет, егер оны жасаған кезде құқық нормалары бұзылмаған болса, әкімшілік құқықбұзушылық деп танылмайды.

Іс-әрекеттің айыптылығы. Тұлға бұл әрекетінің заңға қайшы екенін, оған тыйым салынғанын сезінеді. Айыптылықтың болуы міндетті.

Іс-әрекеттің жазаланатындығы аталған әрекетті жасағаны үшін жеке немесе заңды тұлға ҚР ӘК бойынша міндетті түрде жауаптылыққа тартылатынын білдіреді.

Әкімшілік құқықбұзушылық құрамы

Құқықбұзушылық объектісі - құқықбұзушылық кесірінен бұзылатын қоғамдық қатынастар

Құқықбұзушылықтың объективті жағы- нақты іс- әрекет белгілері, оның мүмкін болатын салдары, әрекет пен салдар арасындағы себептік байланыс.

Құқықбұзушылық субъектісі- ақыл есінің дұрыс екенін білдіретін белгілері бар, нақты бір жасқа (жас) жеткен жекетұлға (сонымен қатар лауазымды тұлға) немесе заңды тұлға.

Құқықбұзушылықтың субъективті жағы- қасақаналық немесе абайсыздық формасында көрініс табатын айып (кінә).

Тапсырма: Кестені толтырындар.

Әкімшілік құқықбұзушылық құрамы

Құқықбұзушылық объектісі	Объективті жағы	Құқықбұзушылық субъектісі	Субъективті жағы

Жағдаяттарды талқылаңдар

I

14 жастағы мектеп оқушысы автобуста жол жүру ақысын төлемеді. Оқушы құқықтықбұзушылық жасады ма?

Оны әкімшілік жазаға тартуға бола ма?

Мектеп оқушысының ісіне кім жауап беруі керек?

II

Сағат 23.00-ден кейін көппәтерлі үйдің бір пәтерінің тұрғындары қонақ шақырып бар дауыстарымен ән салып, би биледі. Бүгін мереке деп, көршілерінің еркертүлеріне құлақ аспады. Пәтер тұрғындарының істегендері дұрыс па? Бұл жерде әкімшілік нормалар бұзылды ма? Үй тұрғындарына қандай ақыл айтар едіңдер? «Түнгі уақыт» дегенді қалай түсінесіңдер?

III

15 жасар мектеп оқушылары сабақтан соң үйлеріне қайтып келе жатты. Жолда олар ескерткіштер мен ғимараттардың қабырғасына бояумен түрлі суреттер салды. Аталған іс-әрекетте қандай әкімшілік жауаптылық қарастырылады? Кім жауап береді?

Төмендегі сұрақтар аясында ой пікірлерінді ортаға салыңдар

1. Біздің қоғамымызда әкімшілік құқық бұзушылықтың қандай түрлері көптеп таралуда?
2. Тым көп құқық бұзушылықтың себебі неде болуы мүмкін?
3. Қазіргі әкімшілік жаза жүйесі қаншалықты тиімді деп есептейсіз?
4. Әкімшілік құқық бұзушылықпен күресудің қандай тиімдірек жолын ұсына аласыз?



Мен бүгін білдім...

Мені қызықтырды...

Мен өзіме көп нәрсе түртіп алдым...

